

**Академиядағы
семинар-тренинг**

2015 жылдың 10 сәуірінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Секталар мен радикалды топтардың деструктивті әсеріне қарсы іс-әрекеттердің психологиялық аспектілері» тақырыбында тыңдаушылармен семинар-тренинг өткізілді.

Семинар-тренинг академияның әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және тәрбие жұмысы бөлімінің инспектор-психологы Зарина Абылхасенованың ұйымдастыруымен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының ақпараттық – үгіт насихат тобының өкілі, психолог Лола Сергеевна Шакимова және Қостанай облысының діни істері жөніндегі басқармасының қызметкері Владимир Иванович Корашеевтің қатысуымен жоғарыда аталған тақырыпта өткізілді. Кездесу барысында Лола Сергеевна «Секталар мен радикалды топтардың деструктивті әсеріне қарсы іс-әрекеттердің психологиялық аспектілері» тақырыбы бойынша тыңдаушыларға дәріс оқыды.

Дәріс барысында діни экстремизм мен терроризмнің Қазақстан қоғамына, мемлекеттілігіне және Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарымен, бостандығына қаншалықты қауіпті екенін атап өтті.

Сонымен қатар діни экстремистердің қоғамда іріткі салу үшін қандай заңсыз әрекеттер, қимылдар және айла амалдарға баратындығы жөнінде және құқық бұзушылық жасаушы адамдардың психотиптері қарастырылды.

Қазақстандықтардың бейбітшілік және тыныш жағдайда өмір сүру үшін ұлттық қауіпсіздік және құқық қорғау қызметкерлері деструктивті ағымдардағы секталарды тынымсыз, әрдайым бақылауда, азаматтардың жеке бас бостандығына, отанымыздың тәуелсіздігіне қауіп туындамауы үшін күрес жүргізетіндігі айтылды.

Дәріс сонында, діни экстремизммен күресте Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атқарған қызметтері жөнінде де айтылды. Соның ішінде Тараз қаласындағы террористік акт кезінде өзінің жанқилы ерлігімен террористің жоспарлаған идеясын іске асыруға жол бермей, өз жанын құрбан еткен ішкі істер қызметкері Ғазиз Байтасов жөнінде деректі фильм көрсетілді.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының қызметкері Лола Сергеевна Шакимовамен өткізілген дәріс қызықты да тартымды өткізілді.

Қуаныш Мырзахмет
Академияның
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының оқытушысы

